



ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ПЕДАГОГИКАСЫ. XXI ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ

Интернет-ресурстарды
оқушылардың танымдық әрекетін
белсендіруде қолдану



Жалпы орта білім беру жүйесінде ақпараттық және коммуникативтік технология құралдарын қолдану дараландыру және бөлу деңгейін өзгерту, қосымша ынталандыру тетіктерін қолдану арқылы оқытудың тиімділігін көтеруге алып келеді.

Тұлғалық-бағдарлық оқыту білім алушыларды барлық білім беру үдерісінің негізгі құндылығы ретінде қарастырады; білім алушылардың тұлғалық сапаларын қалыптастыру және оны көрсету үшін жағдайлар жасауға, олардың ойлау қабілетін дамытуға, шығармашыл, белсенді, жасампаз тұлғаны қалыптастыруға, олардың интеллектісін, әлеуметтік және коммуникативтік қабілеттерін, өздігінен білім алу дағдыларын, өзін-өзі дамытуына мүмкіндік береді; қоғамның жаңа әлеуметтік жағдайында мамандығын өзгертуге және бейімделуге икемді, білімді өздігінен меңгеруге икемді мамандар сұранысына бағдарланған. Тұлғалық-бағдарлық оқытудың негізгі мақсаты:

- оқушы тұлғасының білім алуға және дамытуға, оны интеллектуалды және рухани бастауына ынталандыруды қалыптастыру;
- білім алуға ізгілік қарым-қатынасын қамтамасыз ететін жағдайларды жасау.
- жалпы орта білім беру жүйесінде АКТ құралдарын қолдану жағдайында тұлғалық-бағдарлық оқытудың дидактикалық қағидалары;
- индивидуумның өзін-өзі бағалау қағидасы;
- оқушыны танымның белсенді субъектісі ретінде анықтау қағидасы;
- білім алушыларды әлеуметтендіру қағидасы;
- оқушының субъективтік тәжірибесіне сүйену қағидасы;
- білім алушылардың өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі оқытуға, өздігінен білім алуға бағдарлану қағидасы;
- білім алушылардың жеке психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін есепке алу қағидасы;
- тұлғаның коммуникативтік қабілеттерін дамыту қағидасы.

Меңгеру үдерісінің негізгі кезеңдерінде бақылаудың толықтығы мен объективтілігі білімді сапалы меңгеру шарттары болып табылады. АКТ білімді меңгерудің әрбір кезеңінде бақылау мен түзетуді ұсынатын «үздіксіз түзетумен кері байланыс» жүргізуге мүмкіндік береді.

Оқытудың қазіргі кезеңіндегі шығармашылық міндеттердің бірі маманның шығармашыл тұлғасын қалыптастыру, онда қиял үлкен рөл атқаратындықтан, жасампаздық еңбекке дағдыландыру қажет. Есептеу техникасы құралдарының көмегімен міндеттері анықталып, бірақ қажетті мәліметтер болмаған немесе толық емес болған жағдайда, арнайы тапсырмаларды беру жолымен қиялын дамытуға мақсатты бағыттауға болады. Бұл жағдайда қиялда әрекет бағдарламасы құрылады. Бірақ жұмыстың бірінші кезеңінде қиындықтар пайда болғанда, кезеңмен қалыптастыруда көмек ретінде әртүрлі әрекеттен (экранға анықтамалық кесте, формула, т.б. беру) тұратын іс-әрекетті еске түсіруге болады. Еске түсіру жақын даму аймағы деп аталатын мәліметтерді және әрекеттерді қамтуы тиіс.

Сөздік сипаттау бойынша графикалық қандай да бір формулалық үлгіні құрастыруда тапсырмаларды бере отырып, қиялды белсендіруге болады. Кері міндеттер: графикалық және формулалық объекті бойынша сөздік сипаттауды құрастыруды қолдануға болады.

Интернет желісін және оны пайдалануға негізделген технологияларды пайдалану оқу үдерісіне белсенді оқыту әдістерін ендірудің қуатты құралдары. Олар оқу үдерісінің интерактивтілігін күшейтуге, танымдық іс-әрекетін белсендіруге, оқушылардың жастық жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге, оқытушының шығармашылық әлеуетін және тәуелсіздігін көтеруге мүмкіндік береді.

Интернет-технология негізінде интернет-стандартқа негізделген оқытудың жаңа технологиялары дайындалады. Қашықтықтан оқыту технологиясында оқушылардың танымдық белсенділігін ұйымдастырушы және үйлестіруші ретінде оқытушының іс-әрекетіне маңызды орын беріледі. Оның міндеті оқушылардың білім беру ортасына толық енуіне, өз бетімен таным дағдыларын қалыптастыруға және стандарттық емес міндеттерді, жағдаяттарды шешуге дайындығын, интеллектуалдық өсуін қамтамасыздандыруға ықпал етумен сипатталады. Оқытушының танымдық іс-әрекетті басқару үдерісіндегі маңызды міндеттері оқушылардың жаңа ақпаратты өз бетімен іздеу, өңдеу және қабылдау қабілеттерін ояту. Білім алушылардың



назарын өз бетімен оқытуға аудару қажет, өйткені қашықтықтан оқыту технологиясының негізгі білім беру қағидасы оқытуды жекелендіру болып табылады.

Білім алушылардың танымдық іс-әрекетін күшейту құралдарының бірі ЖОО-ы мен жалпы білім беру мекемелерінің оқытушылары сияқты білім алушыларын дайындау үшін қашықтықтан оқыту курстарын қолдану, мысалы, ақпараттық технологиялар университетінің Интернет курсы.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың интегративті технологияларына қызығушылық, яғни қашықтық және аудиториялық сабақтарды үйлестіруді ұсынады. Бұл жағдайда оқу-әдістемелік материалдар серверге орналастырылады, ал ақпараттық технологиялар желісін қолданумен сапалы өткізілген сабақтың бөлігін ұсыну мүмкін емес, ол аудиторияда жүргізіледі. Интернетті қолдану, сондай-ақ бейнеконференцияларды пайдалану арқылы жетекші ма-мандармен онлайн сабақтарды ұйымдастыруы мүмкін. Компьютерлік оқыту жүйесін қолданудың тиімді тәсілдерінің бірі физика, химия, математика, экономика және т.б. әртүрлі эксперименттерді моделдеу болып табылады. Мұнда Интернет желісі шектелмеген әлеуетке ие, оқушыларға виртуалды лабораторияда, бейнекурстарда жұмыс істеу, интерактивті демонстрациялау мүмкіндігі ұсынылады.

Білімді меңгеру сапасын бақылау, қойылған оқу мақсаттарына жету дәрежесін бағалау кез келген білім беру технологияларын қолдануда оқу үдерісінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Интернет-технология оқушылардың білімділік деңгейін бақылау мен бағалау формасының үлкен спектрін қолдануға мүмкіндік береді (желілік тестілеу жүйесі, интернет-тестілеудің бірыңғай порталы (ИТБП) және т.б.). Желіге өзінің жете зерттеуін орналастыру және құрастыру үшін кеңінен қолданылатын қазіргі заманғы технологиялар бар, мысалы «Википедия», Moodle, Антиплагиат.ру және т.б.

«Википедия» бүгінде ең ірі жалпыға қол жетімді әмбебап интернет-энциклопедия болып саналады. Ол бір мезгілде тұтынушылардың көптеген санымен жұмыс істеуге, оқумен бірге өзінің немесе басқа тұтынушылардың мақалаларына түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. «Википедия» оқу үдерісінде бірқатар жағымды әсерлер алуға септігін тигізеді:

- қойылған мақсатты түсіну және қолдану (мысалы, білім алушылардың бұрын анықталмаған ұғымды ашып көрсетуі, пән, үрдіс, құбылыс туралы бар нәрсені кеңейтуі немесе жаңа мақаланы құрастыруы);
- пәннің аясында білімді жинақтау және өзектендіру;
- әлемдік ақпараттық кеңістікте жұмыс нәтижесін қарапайым жеткізу және орналастыру;
- зерттеушілік жұмыстың нәтижелерінің қосарланушылығының және көшіріліп жазылуының мүмкін еместігі.

Үйретуші интернет-технологияның бірі Moodle/Модуль болып табылады. Moodle (ағыл. Modular Object-Oriented Dynamic Learning Environment – модульдік объектілі-бағдарланған динамикалық оқу ортасы) – «әлеуметтік конструкционизм педагогикасы» философиясын жүзеге асыратын және қашықтан оқыту секілді классикалық оқытудағы оқытушы мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастыруға бағдарланған оқытуды еркін басқару жүйесі. Moodle/Модуль оқу курсы мен веб-сайтты құрастыруға мүмкіндік беретін үнемі дамитын жобаны көрсетеді. Дамыған модульдік архитектура нәтижесінде Moodle/ Модульдің мүмкіндігі жеңіл кеңейтіледі. Онда курстың элементтерін, администратор есебін, тапсырмалар мен сұрақтар типтерін, курс бойынша есептер және бағалау бойынша портфолио, тестер импорты/экспорты форматтарын жасауға болады және т.б.

Оқыту үдерісінде тұлғааралық қарым-қатынас үшін коммуникация құралдарын пайдалану

Оқушылардың арасындағы бір-бірімен тұлғааралық қарым-қатынасы және олардың педагогпен қарым-қатынасы заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Осындай құралдарды және технологияны



қолдану арқылы жүзеге асырылатын негізгі қарым-қатынас әрбір оқушының өзіндік жеке дара іс-әрекеті режимінде өтеді. АКТ құралдарын пайдаланудың мәнін демонстрациялайтын оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынасының айқын және маңызды формасы, осындай қарым-қатынаста оқу конференциялары аясында ұйымдастырылатын оқу телекоммуникациялық жобалар болып табылады. Оларды толығырақ қарастырамыз.

Оқу телеконференциясы оқу әрекетінің тиімді белсенді формасы. Ол оқушыларға болған оқиғаға өзінің көзқарастарын дербес қалыптастыруға, көптеген құбылыстарды жете ұғынуға және оларды әртүрлі көзқарас тұрғысынан зерттеуге, қойылған мәселені бірлесіп шешуге, бір-біріне әртүрлі сұрақтар қоюға, өз идеяларымен бөлісуге, жобалау және зерттеу іс-әрекеттеріне ұжыммен қатысуға мүмкіндік береді. Кез келген телеконференцияның негізгі элементі белгілі бір сұрақтарды талқылау мен пайымдаулар жасау үрдісі. Телеконференцияның айырмашылық белгісі ақпараттық, әсіресе, бір-бірінен қашықтықтағы қатысушылардың талқылау байланыстарын ұйымдастыру үшін телекоммуникациялық технологиялар болып табылады.

Оқу телеконференциясын, бұл жағдайда, егер оны оқу міндеттерінде жете ұғынып қалыптасқан шеңберде болса, онда ол техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдауды анықтайды. Оқу телеконференциясының кәдімгі конференциядан айырмашылығы жеке қатысушылардың болуын көрсетеді, оқушылар мен педагогтарға қарым-қатынастың өзіндік ерекше тән формаларын ұсына отырып, білім беру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қатал уақыттық және кеңістіктік шеңбердің болмауы барлық қатысушыларға шектеусіз телеконференцияның өту уақытының кез келген сәтінде сөз сөйлеуіне мүмкіндік береді.

Осындай конференцияға қатысушыларда нақты сұрақ бойынша толық ойластырылған хабарлама дайындау, өзінің ой-пікірін дәлелдермен негіздеу және оларды қысқа түрде рәсімдеу мүмкіндіктері пайда болады. Нәтижесінде адамның рефлексивті мәдениеті, сыни ойлауы дамиды. Қатысушылар өзінің табыстары мен қиыншылықтарын сыни және конструктивті бағалай бастайды. Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу үшін маңызды болып табылатын өзіндік санасы мен шығармашылығы дамиды.

Мектеп жағдайында телеконференция өткізу үшін электронды поштаның көптеген түрлері және Интернет желінің мамандандырылған сервистері пайдаланылуы мүмкін. Дәстүрлі электронды пошта (бірге бір) екі тұтынушының жеке хабарламалармен жылдам алмасуын ғана емес, желінің кеңейтілген ақпараттық ресурстарына қол жеткізуіне, электронды пошта арқылы барлық сервисті алуына мүмкіндік береді.

Пошта тізімі (көптен бірге) – тарату тізіміне енгізілген бірнеше адрес бойынша бірнеше хабарлама жіберіледі. Телеконференция (көптен көпке) қатысушылардың виртуалды топтарын ұйымдастыру, қарастырылатын тақырып бойынша әркімнің өзінің пікірін қосып, талқылауға қатысуын қабылдау, кез келген сәтте қосылу мүмкіндігін жүзеге асырады. Әдеттегі мағынада конференция сөзі – бұл бірнеше қатысушылармен кейбір мәселелерді талқылау үрдісі екенін көрсетуге болады. Телеконференция – телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен қашықтағы қатысушылар арасында өткізілетін конференция.

Телеконференцияны (пікірталас) әртүрлі телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен ұйымдастырудың бірнеше тәсілдері бар: интернет желісінің жеке сервиси түрінде құрылған өзіндік телеконференция және тарату тізімдерін қолдану арқылы телеконференцияны жүргізу технологиясы. Жіберілім тізімдері – ақпаратты жеткізу үшін тексерілген құрал, бірақ, олар кері байланысты ұйымдастыруға арналмаған (жіберілетін хабарламаны талқылау), бүгінде кең таралған «чат» деп алатынын WhatsApp телеконференцияны жүргізу технологиясы. WhatsApp – мобильді және басқа платформа үшін дауыстық және бейне байланысты қолдаумен мәтіндік хабарламамен тез алмасудың танымал тегін жүйесі. Интернет арқылы мәтіндік хабарландыру, сурет, бейне және аудио жөнелтуге мүмкіндік береді.

Хабарландырудың электрондық тақталарын қолдану арқылы телеконференция жүргізу технологиясы (BBS – ағыл. Bulletin Board System – хабарландырудың электрондық тақталар жүйесі).

Оқушыларды оқыту құралы ретінде телеконференциялардың негізгі дидактикалық функцияларын бөліп көрсетеміз. Оқу телеконференцияның кез келген қатысушысы, оқушы немесе мұғалім:



- талқыланатын заттар бойынша өзінің пікірін айтуы, өзінің хабарламасын жіберуі мүмкін. Оны конференция (немесе хабарламаның арнайы саласы) таратылатын сайтқа орналастырғаннан кейін, ол бірден барлық қатысушылардың көзіне түседі, сөйтіп олардың жауап хабарламасын жазуына мүмкіндік береді;

- телеконференцияға қатысушылар – оқушыларға немесе мұғалімдерге өз сұрақтарын қоюына болады. Бірақ телеконференция қатал оқу бағытында болғандықтан, сәйкесінше, осы талаптар қатысушылардың сұрақтарына (және басқа да хабарламаларына) қойылады;

- басқа қатысушылар мен модератор сұрақтарына жауап бере отырып, өз пікірлерін айтады немесе басқалармен ақпараттарын бөліседі;

- басқаның хабарламасын оқу. Оқу телеконференциясының әрбір қатысушысы сол сәтте келген және орналастырылған барлық хабарламаларды, таңдауы немесе тақырыптар бағыттары бойынша бір-бірлеп оқиды;

- пікірталасқа қатысу. Мұнда талқылау пәндерін көзден таса етпей, қысқаша, түсінікті және дәлелді түрде өзінің пікірін білдіру маңызды. Хабарлама ары қарай талқылау мүмкіндігіне ие бола отырып, түзетілуі мүмкін;

- өзінің танымдық мүмкіндіктерін дамыту, жаңа білімді меңгеру. Өзінің ерекшелігіне қарай оқу телеконференциясы оқушыларға білім беру және дамыту мақсатында қолданылуы мүмкін белгілі бір тақырып бойынша ақпарат көлемінен тұрады;

- телеконференция аясында кез келген уақытта оқушының немесе мұғалімнің адресіне өзінің хабарламасын жіберу. Бұл өзінің хабарламасының мазмұнын жақсылап ойластыруға және оны тыныштық жағдайында жазуға мүмкіндік береді;

- бірден бірнеше тақырыптық бағыттарды талқылауға бір мезгілді қатысу;

- нағыз таныс адамдар арасында ғана емес, өзі, өзінің идеясы жөнінде мәлімдеу.

Оқушыларды ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқытуда осы әдісті қолданудың өзіндік ерекшеліктеріне сыныпты формалды емес 2–3–5 оқушыдан тұратын топшаларға бөлуді жатқызуға болады. Мұндай топшаларда оқушы формальды емес бірлестіктің мүшесі ретінде академиялық топ ортасына қарағанда, тұлғаға күшті ықпал ететін әлеуметтік микросфераға жақын болады. Кіші топ оқушыдан, оның ерекшеліктеріне тәуелсіз белсенді жеке дара қатысуын заттық тұрғыдан талап етеді. Әрбір топша өзінің виртуалды есімімен жасырынған виртуалды ортадағы оқушылардың өзара әрекеттесуі үлкен әдістемелік мүмкіндікті иеленіп, қызықты болып саналады. Бұл бірін-бірі тек хабарлама арқылы «көретін» телеконференцияға қатысушылардың еркіндігін нығайтуға септігін тигізеді.

Кіші ұжымның топтық іс-әрекеті барысында жеке оқушының табысы емес, іс-әрекет пен өзара көмектің топтық стилі салдарынан жеткен табыс аса мәндісі болып табылады. Бұл бірмезгілде кіші топтың жұмысына әрбір оқушының белсенді қатысу сезімін оятады.

Сондықтан біз коммуникациялық технологияны қолдану негізінде оқу телеконференциясын жүргізу үрдісінде оқу-танымдық ортаның өзіндік ерекшеліктері құрылатынын анықтадық, олардың негізгі сипаттамалары мыналар болып табылады:

- интерактивтілік, барлық қатысушылардың белсенді өзара әрекеттестігі ретінде анықталатын және техникалық сияқты әдістемелік деңгейде де қолдау табатын желілік ақпараттық ресурстармен бірін-бірі оқытуы;

- ақпараттылық – арнайы технологиялық тәсілдер мен АКТ құралдары арқылы осы ақпараттық ортаны пайдаланудың ұйымдастырушылығы мен қолайлылығы, ақпараттық ортаның жабдықталуы;

- ашықтық – бұл оқу-танымдық ортаның ақпараттық хабарламалармен және конференцияның басқа қатысушыларымен пікірлесуге, байланысуға ашық көзқарас тұрғысынан қол жетімділігі болып табылады;

- жылдамдық, ақпарат алмасудың жоғары жылдамдығы, оқыту үдерісін бақылау мүмкіндігі, оқушылармен және мұғаліммен кері байланыс ұстауы, конференция барысында ақпаратты үнемі жаңарту, оны қажеттілігіне қарай тез түзету және тұтынушыларға оларға қолайлы кез келген уақытта қол жетімділікті жүзеге асыру қамтамасыз етіледі;

- интегративтілік, осы ортаның жалпы орта білім беру жүйесімен мазмұн деңгейі секілді басқаруында да интеграциялану мүмкіндігін қарастырады.